ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 21 шілде №5165-23-00-2/1578 іс Түркістан қаласы

Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы К.С.Чингиспаева, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен төмендегі талап қою бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Түркістан жоғары көпсалалы, қол өнер колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
Дара кәсіпкер «Мереке» Гулшат Ертаевна Алкеева

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 223-226, 267-4-баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Түркістан жоғары көпсалалы, қол өнер колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының талап қоюы қанағаттандырылсын.

Дара кәсіпкер ««Мереке» Гулшат Ертаевна Алкеева мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Дара кәсіпкер «Мереке» Гулшат Ертаевна Алкееванан мемлекет кірісіне 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда - сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде Түркістан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасына Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы шағым, прокурор өтінішхат келтіруге ерікті.

Судья **К.С.Чингиспаева**

Құжатқа қол қойылған: Чингиспаева К. С., 21.07.2023

Заңды күшіне енген күні: 22.08.2023, судья Чингиспаева К. С., 24.08.2023

5165-23-3-1/1684